

Қазақстан халықтары Ассамблеясы институтын нығайту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 23 сәуірдегі N 1561 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.07 № 149 Жарлығымен.

" Президент пен Үкімет
актілері жинағында "
жариялануға тиіс

Қазақстан халықтары Ассамблеясы қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: см.Z080070

1. "Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі N 856 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 11, 102-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасы "Ассамблеясының" деген сөзден кейін "2011 жылға дейінгі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясында (2007 жылға дейін) "2007", "2006" деген цифрлар "2011" деген цифрлармен алмастырылсын;

3) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан халықтары Ассамблеясы туралы ережеде :

4-тармақта бесінші абзацтағы "болып табылады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"этносаралық қатынастарды үйлестіруді қамтамасыз ету, түрлі этностар өкілдері арасындағы қарым-қатынастарда төзушілік пен сенімді нығайту болып табылады.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ассамблея мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ұлттық-мәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру.";

6-тармақта алтыншы абзацтағы "болып табылады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"ұлттық-мәдени бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
ұлтаралық қатынастар, Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдерін

дамыту және қолдау мәселелері бойынша конференциялар мен семинарлар ө т к і з у ;

Қазақстан Республикасында ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне м о н и т о р и н г ж а с а у ;

ұлтаралық келісім идеяларын, қағидаттарын және нормаларын насихаттау болып табылады.";

12-тармақта бірінші және екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ассамблеяның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына құрылымдық бөлімше ретінде кіретін оның Хатшылығы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Ассамблея Хатшылығының негізгі функциялары:";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Кіші ассамблеялардың жұмыс органдары облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының құрамына құрылымдық бөлімшелер ретінде кіретін олардың хатшылықтары болып табылады.

Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісін кіші ассамблеяның төрағасы Қазақстан халықтары Ассамблеясының Хатшылығымен келісім бойынша тағайындайды. Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісі өзінің мәртебесі бойынша кіші ассамблея төрағасының орынбасары болып табылады.";

5-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелерінің құқықтары мен міндеттері";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелерінің:

Ассамблеяның және кіші ассамблеялардың қарауына шығарылған мәселелерді талқылауға қатысуға;

көзқарастар мен ұстанымдар еркіндігіне, Ассамблея және кіші ассамблеялар шешімдер қабылдағаннан кейін де өз пікірін білдіруге;

Ассамблея және кіші ассамблеялар құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар .";

21-тармақтың бірінші, бесінші және алтыншы абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"21. Ассамблея және кіші ассамблеялар мүшелері":

"Ассамблея және кіші ассамблеялардың беделі үшін қам жеуге, Қазақстан Республикасының, Ассамблеяның және кіші ассамблеялардың беделіне нұқсан келтіруі ықтимал іс-әрекеттердің алдын алуға және болдырмауға;

Ассамблея және кіші ассамблеялардың тапсырмаларын адал орындауға міндетті."

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

бір ай мерзімде этносаралық қатынастар проблемалары жөніндегі зерттеу орталығын құру туралы мәселені қарасын;

Қазақстан халықтары Ассамблеясымен бірлесіп Қазақстан халықтары, Ассамблеясының стратегиясын одан әрі іске асыру жөнінде қажетті шараларды қ о л д а н с ы н ;

бұрын қабылданған шешімдерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті